


Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

*«Арнайы педагогика» сериясы.
Серия «Специальная педагогика»
М 1 (20), 2010*



Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет!
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Арнайы педагогика» сериясы. Серия «Специальная педагогика» № 1 (20)

Алматы, 2010

Хабаршы. «Арнайы педагогика» сериясы.¹ - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. - 2010. - № 1 (20). - 68-бет.

Вестник. Серия «Специальная педагогика».² - Алматы: КазНПУ им.Абая. - 2010. - № 1 (20). - 68с.

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті алқасының (2008 жылғы 23 сәуірдегі №6) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар Гізбесіне енгізілген.

² На основании решения коллегии Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (№ 6 от 23 апреля 2008 г.) Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Специальная педагогика» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по педагогическим наукам.

Бас редактор *п.г.к., профессор* Қ.Қ.ОМІРБЕКОВА

Редакция алкасы; *п.г.д.* Р.А.Сулейменова,
м.г.д., профессор А.А.Тайжан, *п.г.к., профессор* Г.М.Коржова, *психол.г.к., доцент*
Л.Х.Макина (*жауапты хатшы*)

Главный редактор
к, п.н.: профессор Қ.Қ.ОМІРБЕКОВА

Редакционная коллегия: *д.п.н.* Р.А.Сулейменова, *д.м.н., профессор* А.А.Тайжан,
к.п.н., профессор Г.М.Коржова,
к.психол.н., доцент Л.Х.Макина (*ответ.секретарь*)

© Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университеті, 2010

ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНЫХ ОСНОВ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ МОЛОДЕЖИ В ПРОЦЕССЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

О. Мусурманова -

*доктор педагогических наук, профессор Республиканского Центра по пропаганде
здорового образа жизни (Ташкент "Oydin Hayot")*

В процессе профессионального образования лиц с ограниченными возможностями необходимо знакомить их с тем, что за годы независимости нашей страны социальная защита населения, в том числе молодежи, стала одним из приоритетных направлений государственной политики нашего правительства, реализуемой в социальной, экономической и духовной сферах жизни страны. Социальная защита получила в Узбекистане свое прочное правовое обеспечение, что подкреплено в Конституции Республики Узбекистан, Законах «О государственном пенсионном обеспечении граждан», «О социальной защите инвалидов в Республике Узбекистан», «Об охране здоровья граждан», «О гарантиях прав детей», «Об охране труда», об этом же свидетельствует ратификация конвенции ООН «О правах детей» и другие важнейшие документы, принятые, правительством Республики Узбекистан.

Указ Президента Республики Узбекистан «О программе мероприятий, посвященных 60-летию со дня принятия всемирной декларации о правах человека», ярко свидетельствует о той огромной работе, которая ведется по социальной правовой защите представителей многочисленных наций, проживающих в нашей стране, различных социальных слоев, детей и молодежи, в том числе тех, которые особенно нуждаются в ней.

Подлинным проявлением социальной защиты молодежи является социально-духовная помощь, которая по Содержанию выступает как материальная и моральная помощь, а по форме проявляется в безвозмездной финансовой, материальной помощи, наведении справок о состоянии здоровья, проведении хашаров, оказании действенной помощи по решению возникающих жизненных проблем и т.д.

Очень важны вопросы формирования культуры социальной защиты у молодежи, в том числе с ограниченными возможностями, до сознания которой следует доводить мысль о вспомогательном (временном) характере всякой помощи и о необходимости учиться самостоятельной социальной защите. К этому следует готовить и учащихся, и молодежь, и лиц, ответственных за подготовку молодежи к самостоятельной жизни.

Надо особо подчеркнуть, что социальная защита может быть подлинно эффективной лишь при одновременном учете ее материальных и духовных сторон и их системного единства. Широкоохватные духовные аспекты социальной защиты относятся к числу высших ценностей и имеют глубокие исторические корни. По данным исторических источников еще в период правления Амира Тимура тем, кто нуждался в социальной помощи, предоставлялись социальные пособия.

К сожалению, в настоящее время в большинстве случаев духовно-воспитательные аспекты социальной защиты остаются в стороне.

На наш взгляд, следует выделить три компонента культуры социальной защиты, а именно:

- культура социальной защиты организующих ее физических и юридических лиц;
- культура социальной защиты нуждающегося в ней населения, в том числе

молодежи;

- культура социальной защиты тех, кто выступает опосредствующим звеном между нуждающимся в нем населением и тех, кто ее организует.

Формирование в сознании и поведении культуры социальной защиты у той части молодежи, которая особенно нуждается в социальной защите, является жизненно важной задачей.

Исходя из степени освоения и реализации культуры социальной защиты молодежи, ее возрастных, физических и психических особенностей, эта культура может быть классифицирована следующим образом:

- социальная защита молодежи;
- социальная защита детей, т.е. личностей, не достигших 18 лет (совершеннолетия);
- социальная защита нуждающихся в ней детей (имеющих инвалидность, физические и психические недостатки, лишенные родительской опеки, беспризорные и бездомные, содержащиеся в специализированных детских учреждениях, в малообеспеченных семьях, привлеченные к уголовной ответственности и пребывающие в уголовно-исправительных учреждениях, пострадавшие от насилия и эксплуатации, в ходе военных конфликтов и природных бедствий, воспитанные родственниками).

Данная классификация может служить основой не только для оказания молодежи социальной защиты, но и ее духовной поддержки, которая определяется по следующим критериям:

- понимание молодежью содержания и сущности государственной политики по социальной защите населения, ее духовно-воспитательных возможностей для правильного определения места и значения молодежи в жизни общества;
- организация социальной защиты со стороны ее субъектов, таких как государственные, спонсорские, гуманитарные неправительственные организации, граждане-меченаты, члены семей, родственники, коллективы по месту труда и других, которая бы не оказала негативного воздействия на психологию, физиологию, образ жизни, мировоззрение, место, занимаемое в обществе и среди близких, и другие аспекты жизни молодежи;
- реализация социальной защиты в соответствии с историческими и национальными традициями, духовными ценностями нашего народа, а также достижениями мировой культуры, соблюдение таких критериев, как: взаимоуважение, справедливость, бескорыстие, гуманизм, человеколюбие, право-судие, доброжелательность, щедрость, вера, сотрудничество, последовательность, отказ от демонстративности, соблюдение секретности информации и т.д.;
- прогнозирование будущих результатов социальной защиты молодежи, предупреждение их отрицательного воздействия на физическое, интеллектуальное, духовно-нравственное состояние, гарантированность, целесообразная, адресная направленность помощи;
- оказание социальной защиты с учетом ее воздействия на корпоративную культуру молодежи.

Степень культурного состояния молодежи считается важным критерием ее социального положения. Поэтому мы попытались разработать критерии всесторонне и гармонично развитого человека, в центре которых находится всесторонне, социально и духовно защищенная личность.

Духовно-культурная молодежь, прежде всего, способна социально, духовно защитить себя, т.е. может контролировать свое мировоззренческое, поведенческое, социальное состояние, так как:

- во-первых, такая молодежь, даже нуждаясь в социальной защите, не стыдится своего положения, сама ищет эффективные пути его преодоления и лишь потом адекватно пользуется помощью других;

- во-вторых, она хорошо понимает психологию, внутренние переживания, состояние тех групп населения, которые нуждаются в социальной защите, поэтому стремится к поддержке своих сверстников из этих групп;

- в-третьих, у таких молодых людей весьма развито креативное мышление, которое представляет собой педагогический процесс, направленный на воспитание и формирование таких качеств, как; способность к интеллектуальному опережению, *быстрым* решениям, способность принятия самостоятельных решений, -отсутствие боязни принятия нестандартных решений, приверженность своей трудовой сфере, ее задачам, гибкость ума, нетрадиционность мышления, умение видеть будущее всех направлений развития сознания, мышления, ума, обучения, прогнозирования;

- в-четвертых, у такой молодежи и субъектов социальной защиты сформировано мышление, обоснованное на утверждении любви, милосердия, великодушия, толерантности.

Эти положения легли в основу проведения семинаров-тренингов для учащихся специализированных колледжей с ограниченными возможностями, тематика которых включала проведение сессий, направленных на повышение их социально-правовых знаний. В помощь молодежи было опубликовано пособие «Социальная защита молодежи и женщин с ограниченными возможностями».

Түйін

Мақалада кәсіби білім беру үрдісінде дамуында ауытқуы бар жастарда әлеуметтік қорғаудың рухани негіздерін қалыптастыру жолдары Қарастырылған.

Summary

In article are considered particularities of the shaping speech a children - orphans. Acceptance are given a correction- profeshion education .

МҮМКІНДІГТ ШЕКТЕЛГЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ДҰРЫС ЖАЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІН МЕНҒЕРУ МҮМКІНДІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛАУ

К.Б. Бектаева -

п.г.к., Абай атындағы ҚазНПУ,

«Арнайы педагогика» кафедрасының профессоры

Мектеп тәжірбиесі және арнайы зерттеу көрсеткендей ақыл-ойы кем оқушылардың ерекшеліктерін және қазақ тілі орфографиясын *өзіндік* ерекшеліктерін ескере отырып құрылған дұрыс жазу ережелері мен бағдарлама бойынша оқыту жүйесі жеткіліксіз. Мұнда оқушылардың оқу материалын менгеруін ескеру ете маңызды, яғни ол оқушыларды фронтальды оқытуда анықталатын білімді менгеруі, соның негізінде қарапайым жалпылау жасау мүмкіндіктері, өз ерік деңгейіне байланысты алған білімдерін орындаған тапсырмаларында, қолдана алуы, сонымен қатар ересектер тарапынан көрсетілген әр түрлі деңгейіндегі көмекті қабылдай алу мүмкіндіктері болып келеді.

Дұрыс жазу ережелерін менгеру мүмкіндіктеріне қарай көмекші мектептің 2,3,4сыныптағы оқушыларын мынандай 4 топқа бөлдік.

Бірінші топты фронтальды оқыту процесінде материалды едәуір жоғары деңгейде сәтті меңгеретін, жеке сабақ жүргізуді қажет етпейтін оқушылар тобы құрайды (25%). Барлық тапсырмаларды олар өз бетінше орындай алады, кейде шамалы белсендіргіш көмекті қажет етеді (мыс: «Біраз ойлан»).

Бұл оқушылар тапсырма өзгергенде көп қиналмайды, қалыптасқан дағдыларын жаңа білімдерді меңгеруде қолдана алады.

Өз әрекеттерін сөзбен түсіндіре алуы, бұл оқушылардың бағдарлама материалын саналы түрде меңгеретінін және оларды жалпылама түрінде түсіндіре алатынын көрсетеді. Мысалы: «Сен қандай түбірлес сөздерді іріктеп алдың?» деген сұраққа оқушы былай деп жауап беруі мүмкін: «Үлкен-үлкендеу-үлкенірек». Тек өте күрделі жағдайда ғана олар қиналады.

Мысалы: «төмен-төмендеу-төменірек». Оқушыларға осы сөздердің мағынасын түсіндіріп оларға мысая келтіру кезінде қиындықтар кездеседі.

Осы топтың оқушылары берілген тақырып бойынша барлық тапсырмаларды дұрыс немесе шамалы қателіктермен орындай алады, қателерін өз бетінше анықтап, оларды түзете алуы мүмкін. Осылайша балалар алған білімдерін тәжірибеде сәтті, әрі дұрыс қолдана алады.

Екінші топтың оқушылары (40%) да дұрыс жазу ережелерін сәтті меңгеруімен сипатталады, бірақ, олардың жазба жұмыстарында бірінші топтың балаларына қарағанда көбірек қателер кездеседі /2-3/. Жалпы бір жұмыспен айналысу кезінде өз бетінше жұмыс жасауы азырақ мөлшерде болумен сипатталады, олар үлкендер тарапынан тек белсендіруші көмекті ғана қажет етпейді. Мұғалімнің көмегінен балалар қарапайым қорытындылау мен жалпылауды жасай алмайды. Берілген білімдердің жаңа жағдайға ауысуы, негізінен, балаларға қиындық туғызбайды, бірақ, бұл кезде балалар жұмыс темпін төмендетіп, түзетілетін қателер жібереді, оларды мұғалімнің көмегімен түзетеді.

Олар көмек болмаса да (белсендіруші, сұрақ түрінде берілетін сөздік-логикалық) қарапайым тапсырмаларды сәтті, негізінен қатесіз орындайды. Күрделірек жағдайда қателер жібереді және оларды өз бетінше таба алмайды, тек мұғалім көмегімен түзете алады. Бұл оқушылар өз әрекеттерін нақты түрде емес, шашыраңқы, жалпылаусыз орындайды. Қойылған сұраққа («Оқушы қандай түбірлес сөздерді тандап алды?») барлық сөздерді айтып шығады, содан кейін ғана түбірлес сөздерді атайды. «Сөздерді не үшін тандаймыз?» деген сұраққа оқушы: «Сөздердің қапай жазылатынын білу үшін деп жауап береді». Мұндай жауаптар сурақтар арқылы тексеруді талап етеді. Мысалы: «Қандай сөздерді тексереміз? Қандай сөздермен?» т.б. Балалардың жұмыстарындағы қателердің сипаттамасы сондай-ақ ережені дұрыс меңгермегенін және ерекше бойынша жазу дағдыларының дұрыс қалыптаспағанын көрсетеді.

Жоғарыда айтылып кеткендей осы оқушылардың екі тобы да көмекші мектеп бағдарламасын сәтті меңгереді, бірақ екінші топ өзіне мұғалім тарапынан көп көмек керсетуді қажет етеді.

Үшінші топтың оқушыларын (20%) ең алдымен жазуға деген зейінінің болмауы біріктіреді. Олар сөзді қалай естіп, қалай айтады, солай жазады. Оларды ережемен анықталатын сөздердің жазылуы мен айтылуындағы айырмашылықтарды керуге үйрету үшін көп жаттығулар жасату керек. Өз бетінше де, көмек көрсетілген жағдайда да оқушылар белгілі бір қорытынды жасай алмайды. Дегенмен, мұғалім көмегімен немесе қосымша түсіндіру нәтижесінде кейбір жалпылама жасату үшін біраз уақыт қажет болады.

Осы топтағы оқушылар үшін білімдерді жаңа жағдайда қолдану қиынға түседі. Олар шаблонға, стереотиптілікке (бір сарындылық) үйреніп кетеді,

сондықтан тапсырманың болмашы бір өзгерісі оларды тығырыққа тіреді.
Оқушылар дұрыс жауап беруге қиналып, қарапайым

терминалогияны шатастырады (дыбыс және әріп; дауысты, дауыссыз дыбыстар). Берілген материал мазмұнын түсінгенше, балалардың әрекетін үнемі ұйымдастырып отыру қажет. Осыдан кейін оқушылар жүмысты дұрыс, нақтырақ орындап, өз бетінше жұмыс жасауы мүмкін, яғни ол сөздік есеп беруінің жақсаруына әкеледі. Бұл жақсы көрсеткіш оқушылардың оқыту процесінің қиындықтарына қарамастан, біраз мөлшерде болса да ережені саналы меңгеруін көрсетеді. Осыдан басқа бұл топтағы ақыл-ойы кем оқушылармен жұмыс барысында жағымды жағдай оның нәтижелілігі болып табылады. Материалды меңгергеннен кейін оқушылар жұмысты сәтті орындай бастайды. Кейбіреулері тапсырманы өз бетінше орындаса, енді біреулері- мұғалімнің, көмекші сұрақтардың көмегімен немесе көрнекіліктерге сүйеніп орындауға тырысады.

Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, таныс емес тапсырмаларды орындаған кезде оқушылардың оқу материалын өте жақсы меңгеруіне бағытталған мақсатты жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

Дұрыс жазу ережелерін меңгеруде ең көп қиындыққа кездесетін төртінші топтың оқушылары (15%). Олар оқу материалын фронтальды түсіндіру кезінде медере алмайды. Алдында өткен тақырып естен шығып, ұмытылғандықтан жаңа мәліметтерді игеруге дайындау ұзақ уақытты алады. Өз бетінше біраз қорытынды жасауы, қалыптасқан дағдыларын пайдалану олар үшін тіпті мүмкін емес. Осы оқушыларды оқыпудың барлық кезеңі мұғалімнің материалды нақты әрі толық түсіндірумен, әр түрлі тәсілдер мен көптеген мысалдарды қолданып, бекітуімен ясүргізілуі тиіс. Нәтижесінде төртінші топ оқушылары кейбір ережелерді меңгеруі мүмкін. Мысалы: жазғанын тексеру. Бұл олардың кейбір қарапайым білімдер мен дағдыларды таза механикалық түрде игере алуын көрсетеді.

Ал көрсетілген көмекті қолдану туралы айтатын болсақ, осы топтың кейбір оқушылары ғана дұрыс шешімін «ойға салу» көмегі пайдалана алу мүмкіндігіне ие. Көбіне мұғалім тапсырмаларды қалай орындау қажеттігін түсіндіріп, қателерін көрсетіп, тікелей бақылау жасап, осы қателерді түзетуді талап етеді.

Дұрыс жазу ережелерін жетік меңгеру, ақыл-ойы кем оқушылардың тек оқу материалын меңгеру мүмкіншіліктеріне ғана емес, сонымен қатар кейбір жеке қиыншылықтарына да байланысты. Фонетика-фонематикалық бұзылыстары бар оқушылар дауыссыздар тобын ажыратуда, жуан және жіңішке естілетін дауыссыздар (к, қ, г,ғ) тақырыбын өткенде бұл дыбыстарды ажырата алмайды, өйткені жазу кезінде нақты әрі тұрақты фонематикалық есту қабілетінің және *дыбыстарды* айтуының бұзылуы салдарынан бұл дыбыстарды бір-бірінен ажырату өте қиынға соғады. Мысалы: оқушылар қатаң және үян, дауысты-дауыссыз, жуан - жіңішке сияқты дыбыстарды ажыратып, топқа беле алмайды. Бұл ұғымдарды ажыратып, топқа белуді үйрету керек. Жазу кезінде көру-моторлы анализаторларына сүйене отырып, түзету жұмысын жасау қажет.

Қиындықтар оқушылардың жұмысқа қабілеттілігінің жеткіліксіздігінен, эмоция-ерік сферасының толық жетілмеуінен, мінез-құлқының ауытқуы салдарынан, нейродинамикасының бұзылуы себебінен ережені меңгеруде ғана емес, сондай-ақ осы ережелерді тәжірибеде қолдануда, әсіресе өз бетінше жұмысты орындағанда ерекше байқалады. Жеке ықпал ету, жиі көңіл бөлу арқылы оқушылардың оқуға деген жағымсыз қарым-қатынасын азайтып, жұмысқа қабілетін көтеруге болады.

Осылайша, дұрыс жазу ережелерін ақыл-ойы кем бастауыш сынып оқушыларының меңгеруі көптеген жағдайларға сүйенеді, ереженің өзінің ерекшеліктеріне, оқушылардың жекелік және типологиялық (типтік) ерекшеліктеріне және интеллектуалды мүмкіндіктеріне байланысты. Ережені оқыту

барысында мына жағдайларды ескеру қажет: шын мәнінде көмекші мектепте оқымайтын, үлгерімі орташа оқушыға карап бағдарлауға болмайды, оқушылардың оқу материалын енжар қабылдауына жол бермеу керек, ақыл-ойы кем оқушылардың потенциалды мүмкіндіктерін ескермей жүргізілген жұмыс нәтижелі болуы мүмкін емес, өйткені ол баланың ақыл- ойынын түзелуіне ықпал жасамайды.

1. Аксенова А.К. *Методика обучения русскому языку во вспомогательной школе*, - М., 2000.

2. Петрова ВТ. *Развитие речи умственно-отсталых детей*. - М.: Педагогика, 1977.

3. Воронкова В.В. *Обучение грамматике и правописанию в младших классах вспомогательной школы*. - М., 1995.

4. Рахметова С.Р. *Қазақ тіліне оқытудың теориясы мен технологиясы*. - Алматы, 2007.

Резюме

Учет типологических особенностей учащихся младших классов вспомогательной школы в процессе изучения темы «Состав слова» даст возможность рационально организовать коррекционную помощь.

Summary

The article is considered the ways of learning the theme «Composition of Words» and it's meaning and 4 types that learning among the children.

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛБҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Р.Д.Дүйсенбаева -

оқытушы, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты

Қазіргі өркениетті қоғамдағы алға қойылып отырған басты міндеттердің бірі арнайы білім беру жүйесіндегі жетістіктерді дамыта отырып, оны жаңаша бағытта ұйымдастыру нәтижесінде жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру мәселесі болып отыр.

Осыған орай, арнаулы балалар мекемесінің алдында тұрған ең маңызды мәселе жалпы тіл кемістігі бар балалардың ерекшелігін терен зерделей отырып, арнайы білім беруін тиімді ұйымдастыру негізінде қоршаған өмірмен қарым-қатынас жасауға бейім тұлғаны қалыптастыру міндеті қойылып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыруда жалпы сөйлеу тілі кемшілігі бар балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытудың орны ерекше.

Қазіргі педагогикалық тәжірибе логопед мамандардан мектепке дейінгі жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытуды қамтамасыз етуде объективті түрдегі ақпараттармен толықтырылған коммуникативтік қабілеттілік пен сөйлеу әрекетін бейнелейтін коррекциялық-педагогикалық нұсқаулардың құрылуын талап етіп отыр,

Сөйлеу тілін дамыту әдістемесінің негізі сөйлеу мен ойлаудың өзара байланысы туралы философиялық және психологиялық қағидаларда (Л.С.Выготский, А.А.Леонтев, А.Р.Лурия В.В.Лубовский) сөйлеуді қарым- қатынас құралы ретінде қарастырып, адамдардың өзара әлеуметтік әрекетке түсуі, тұлғаның дамуы, сөйлеудің іс-әрекет теориясын құрайтындығы қарастырылады [1,15].

Зерттеушілердің еңбектерінде (Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, А.Н.

Леонтьев, М.И. Лисина, В.С. Мухина, С.Л.Рубинштейн, А.Г.Рузская, Е.О.Смирнова, Д.Б.Эльконин, т.б) сөйлеу адамның өзін тануы мен өзін бағалауындағы жетекші әрекетінің түрі және тұлғалық қалыптасуын, баланың жалпы дамуын қамтамасыз етуші әлеуметтік белсенділіктің түрі ретінде танылады.

Білім беру саласындағы қазіргі тенденциялар болашақ ұрпақтам әлеуметтік адамгершілік тұрғыдағы жан-жақты дамуды қажет етеді. Қоғам қажет ететін мұндай талаптарды орындауда балаларды сөйлеу мәдениетіне, мәдени санаға дағдышандыруымыз керек. Кез-келген білімді игеру білім берудегі нақты жүйені меңгеру ғана емес, тұлғаның ішкі дүниесінің дамуын қамтамасыз ететінін түсінетін кез келді. Өмір сүру барысындағы кез-келген әрекеттер тілсіз жүзеге аспайтындығы белгілі. Бүгінгі білімді, мәдениетті адамды жай «білімді» адам емес, өмір сүруге бейімделген, күзінетті адам ретінде тануымызға болады. Білім беру үрдісіндегі балабақша түлегіне білім мен оның жетістігін игерту қарым-қатынас құралы - сөйлеу тілінің

көмегімен жүзеге асырылады. Сөйлеу оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі бөлігі бола отырып, білім алушылардың дағды мен іскерлікті игеру түрткісі болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда ғылым мен білімнің дамуында нәтижелі бағыттар ретінде тұлғаны және оның танымдық әрекетін зерттеу негізге алынып отыр. Сөйлеу тілін дамыту жүйесіндегі негізгі элемент қойылған мақсат-міндеттерді шешуге қажетті педагогикалық-психологиялық жағымды жағдайларды туғызу болып табылады, Сөйлеудің қарым-қатынастар бірлігіндегі қалыптасатын қоғамдық мәселе ретінде қарастырылғанымен, әлі де болса зерттеулерді қажет етеді. Қазіргі қоғамдық дамудың барысы педагогикалық үрдістегі қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Педагогика мен психологиядағы, арнаулы педагогикадағы теорияларда балалардың жалпы сөйлеу белеенділігі мен сөйлеу әрекетін арнайы жұмыстар арқылы ұйымдастырудың қажеттігі анық байқалады.

Сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету жұмыстарының мазмұны психологиялық-педагогикалық тұрғыдағы анықталған әдіс-тәсілдердің көмегімен, арнаулы логопедиялық жұмыстардың мазмұнымен, қажет жағдайларда медициналық көмектің біртұтас бірлігі арқылы шешіледі. Сөйлеу тіліндегі түрлі дәрежедегі кемшіліктердің баланың тұлғалық дамуына кедергі келтіретіндігін есепке алып, қажетті білім мен іскерлікті, дағдыны игертудің тиімді жолдарын қарастыруымыз тиіс. Сөйлеу қызметінің күрделі бұзылымы кезіндегі жалпы сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін есепке алып, сөйлеу тілін дамытудағы педагогикалық жағдайларды логопедиялық жұмыстармен байланыстырып орындауға болатыны анықталған. Сөйлеу тілі толық қалыптасқан тұлғаның жалпы дамуы негізге алынады. Жеке тұлғаның қалыптасу заңдылықтарына сүйенуде А.Ф.Лазурскийдің «тұлғаның қоршаған ортаға бейімделу концепциясы» басшылыққа алынады. Жеке тұлға мен оның сөйлеу тілінің әлеуметтік мазмұны Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейннің концепцияларында қарастырылады.

Психология және педагогика ғылымындағы сөйлеу қызметінің дамуы И.П.Павловтың, М.С.Сеченовтың сөйлеу қызметінің психологиялық-физиологиялық механизмдерінің мазмұнына сүйенеді. Сөйлеудің психологиялық табиғаты А.Н. Леонтьев, И.А.Зимняя, Л.В. Сахарная, А.М.Шахнарович, Е.С.Кубряков, М.Р.Львов, Б.Г.Ананьев зерттеулерінде анық баяндалады [2, 24].

Қазақстан Республикасында білім беру саласында ізгілендіру мен демократияландыру идеясын іске асыру бағытындағы жұмыстар арнайы білім беру мекемелеріндегі оқу - тәрбие үрдісінің мазмұнын ұйымдастыруда жаңа сапалы деңгейге шығып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын іске асыру, білім мазмұнын биік парасаттылыққа жеткізу мақсатында, жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстардың ерекшеліктерін арнайы оқу-тәрбие жүйесінде жан-жақты ойластыру мен оны жүзеге асырудың қажеттілігі маңызды. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері «Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуы туралы Заңында» нақты көрсетіліп, жан-жақты зерттеулерді қажет ететін мәселелердің бірі ретінде анықталады.

Жалпы сөйлеу тілінің бұзылуы кезіндегі жүргізілетін жұмыстардың мазмұны отандық зерттеушілердің еңбектері негізінде анықталып, оның бала психикасына тікелей әсері мен мектептегі оқу мен жазу дағдысын игерудегі негізгі ерекшеліктер туралы айтылады. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктердің клиникалық формалары әр түрлі. Олардың ішінде ұрықтық даму кезіндегі бас миының органикалық бұзылуы, сөйлеу зоналарының зақымдануы

болып сипатталады. Сондықтан оны психологиялық зерттеулер тұрғысынан алып қарасақ, толығымен адам эмоциясының, мінез-құлқының, ерік-жігерінің қалыптасуына да тікелей әсер етеді [2, 53].

Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту әдістемесі - сөйлеу тілі бұзылған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеуінің қалыптасуына бағытталған, педагогикалық заңдылықтарды оқып танытын, педагогикалық ғылым. Берілген әдістеменің негізгі мақсаты өз тіліне оқытудың ғылыми негізделген жүйесін өңдеу. Жалпы сөйлеу тілін дамытудың әдістемесі жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың тілін қалып- тастыру және дамыту болып табылады. Жалпы сөйлеу тілін дамытудың әдістемесінің мазмұны - тілдің коммуникативтік қызметтерін қалыптастыру, сөздік қорын байыту, ана тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыру, сөйлеу тілінің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу, сауаттылыққа тәрбиелеу болып табылады. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балаларды сөйлеуге үйретудің тәсілі ретінде көркем әдебиетпен таныстыру жұмыстары да қолданылады. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатындағы жұмыстарды жүргізуде мына міндеттерді атауға болады:

сөйлеу әрекетінің онтогенезіне зерттеу жүргізу;
сөйлеу тілінің түрлі бұзылымдары кезіндегі сөйлеудің дамуын

зерттеу;

сөйлеу тілінде кемшілігі бар балаларды ана тіліне оқытудың принциптеріне талдау жасау;

жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеуін дамыту; мектепке дейінгі арнаулы балабақшалардағы сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының мазмұнын және оның ұйымдастырылуын анықтау.

Көрсетілген міндеттердің мазмұны сөйлеуді дамыту жұмыстарында қолданылатын арнайы әдістеменің теориялық және практикалық бағыттарын анықтайды. Бұл міндеттерді шешуде сөйлеуді дамыту әдістемесін басқа ғылымдармен (тілді зерттеу; психология; лингвистика; психолингвистика; жалпы педагогика; мектепке дейінгі және арнайы педагогика; логопедия) байланысты анықтайды. Берілген міндеттерді шешуде ең басты міндет - сөйлеу тілін дамыту әдістемесі теориясының мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі мамандар тәжірибесімен ұштастырылуы.

Тұлғаның жалпы дамуын қамтамасыз етуші бірден-бір құрал сөздің қалыптасуы мынадай тарихи байланыстардың тізбегі құрайды:

- Сөйлеу тілін дамыту әдістемесінің қалыптасуын логопедияның басқа ғылымдармен байланысуындағы ішкі жүйелік және жүйе аралық байланыстары құрайды.

- Сөйлеудің даму онтогенезіндегі және сөйлеудің бұзылымы кезіндегі сөйлеудің қалыптасу заңдылықтарын ашатын лингвистикалық, психологиялық және педагогикалық концепциялар құрайды.

- Сөйлеу тілін дамыту әдістемесін басқа ғылымдарды зерттеуде лингвистиканың, фонетиканың, грамматиканың, лексиканың, фразеологияның негіздері құрайды.

XX ғасырдағы психолингвистиканың пайда болуы психология мен лингвистиканың ұғымдары мен оның жүйесін құрауда сөйлеудің қалыптасу механизмдері мен формаларын анықтады. Әйгілі лингвист А.А. Реформацкий «сөз» ұғымын «тіл» ұғымына ауыстыруда, балалардың психофизиологиялық даму процесін есепке алды. Сөйлеу әрекеті - бұл түрлі қарым-қатынасқа түсу жағдайларындағы сөйлеуді қолданудың әр түрлі формалары. Тіл -қарым-қатынас құралы, ал сөз сөйлесу процесі.

Сөйлеуді дамыту әдістемесі педагогтан жалпы психология мен педагогика ғылымдарымен байланысты бала дамуының психофизикалық заңдылықтарын білуді, психологиялық-педагогикалық диагностикалаудың әдістерін қолдануды, тіл дамыту сабақтарын дұрыс жоспарлай білуді талап етеді. Мұндай жұмыстарды ұйымдастыруда баланың жалпы танымдық қабілетінің деңгейлері (қабылдау, есте сақтау, зейін, ойлау) ескеріледі. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеу процесінде жалпы дидактикалық түзету жұмыстары қарастырылады. Логопедиялық жұмыстарды ұйымдастырудың негіздері педагогика ғылымындағы (жалпы педагогика, мектепке дейінгі педагогика, арнаулы педагогика) оқытудың дидактикалық принциптер, әдістер мен тәсілдер болып табылады. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалармен логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыруда баланың сездік қорының кебеюі, сездің грамматикалық құрылымының деңгейі, элеуметтік ортаға бейімделуі қамтамасыз етіледі.

Сөйлеу тіліндегі бұзылымдардың этиологиясы мен симптомдарын, механизмдерін білу сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Сөйлеу тілінің дамуы туралы мәселе бойынша жасалған зерттеулердің мазмұны әдістемелік құралдарда анық байқалады. Мұндай әдістемелік құралдардың негізі К.Д.Ушинский, Е.И.Тихеева, Е.А.Флерица, А.М.Гвоздев, А.П.Усова, О.И.Солобеваның еңбектерінде көрсетілген.

Әйгілі педагог Ян Амос Коменский 17 ғасырдың езінде сөзді қолданудың пайдасы туралы былай деген: «заттардың атауын толық және

ойластыра айту, не ойлағанын ашық пакты, айтып беру грамматиканы, риториканы, поэтиканы игерудің бастамасы». Я.А. Коменский сөйлеу мен ойлаудың байланысын, олардың дамуындағы негізгі шарттарды былайша сипаттайды:

«Адам жануарлардан екі түрлі ерекшелік арқылы ажыратылады: ақыл және сөз; адамға ақыл өзі үшін керек, ал сөз- жақыны үшін керек. Сондықтан екеуінде қамқорлыққа алуымыз керек, адамның ақылы да тілі де дамыған және жетілген болуы тиіс» [1,18].

Жалпы сөйлеу тіліндегі кемшіліктері бар балаларды дұрыс сөйлеуге үйрету, сөйлеу әрекетіне баулу арқылы қарапайым тұрмыста тілдік қарым- қатынасқа түсуге үйрету жұмыстары тәжірибеде бірнеше кезеңге бөліп жүргізіледі. Баланың сөйлеу тілі енжар сөздік қордың дамуымен басталып, жаңа сөйлемдермен толықтырылғы отырады. Осы аралықта бала тілінің белсенді түрде дамуына отбасы мүшелері, ата-аналары, балабақша тәрбиешілері түрліше ықпал етуі мүмкін. Бала күнделікті тұрмыстағы естіген сөздерін есту арқылы қандай да бір дыбыстармен қабылдайды. Естілген дыбыстарды, буындарды қайталап айтуда қарым-қатынасқа түсіп отырады. Естіп қабылдаған сөздік қорын қайта жеткізуге тырысады. Естілген дыбыстардың анық, дұрыс айтылуын қадағалау арқылы фонематикалық естудің қалыптасуы жүзеге асады. Бірте-бірте дыбыстарды, буындарды, сөз, сөйлемдерді игерген соң, лексиканы меңгеріп, жаңа грамматикалық сөйлем құрастыру процесі орындалады. Аталған процесс жоғарыда айтқанымыздай, есту, естігенді сөз арқылы қайта жеткізумен қалыптасады. Бұл процесс жалпы сөйлеу тілі бұзылған балаларда өте төмен дәрежеде қалыптасады. Одан әрі қарай сөйлеу әрекеті толық қалыптасқанша, оқу дағдысы арқылы өз еркімен сөйлеу, белсенді сөздік қор біртіндеп жинақталады және алғашқы кезеңде көрген оқиғасын, заттық сыртқы бейнесін көрсетіп түсіндіре алады.

Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың ана тілін меңгеруі ұзаққа созылады. Балалардың сөйлеу тілін игере алмаушылығы жас ұлғайған сайын байқала бастайды. Н.С.Жукова, Е.М.Мастюкова, Т.Б.Филичева зерттеу-лерінде жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың алғашқы сөздерді айта бастаған кезде қалыпты дамудан айырмашылығы анық байқалмайды. С.Н.Шаховская зерттеулерінде кемшіліктің күрделі түрінде енжар сөздік қор белсенді сөздік қорға қарағанда тез дамидыны анық көрінеді. Балалар игерген сөздерін лингвистикалық; бірліктерде қолданбайды, олардың мағынасын сөйлеу әрекеті кезінде қолдана алмайды. Сөздік қордың *шектелуі* кезінде заттардың атауларын ғана пайдаланудың басымдығы байқалады, яғни етістіктер және басқа сөз таптары, сын есімдер аз кездеседі.

Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың лексикалық мағынадағы сөздерді игеруі нақты емес. Көбінесе сөз мағыналарын өзара кең түрде ауыстырады, абстрактілі лексиканы меңгеру кезінде қателер кездеседі.

Н.С.Жукованың зерттеулерінде тіл дизонтогенезі кезіндегі сөздердің морфологиялық түсініксіздігі көрсетіледі. Онда өзара грамматикалық

14

байланыстағы сөздердің байланысы көрінбейді. Грамматикалық мағынасы жағынан дұрыс және бұрыс құрастырылған сөйлемдер ұзақ уақыт бойы сөздік қорда сақталып қалады [3, 16].

Жалпы сөйлеу тілі бұзылған баланың тілінің дамуы біркелкі және баяу өтеді. Соның салдарынан сөйлеу жүйесінің әр түрлі қатарлары қалыптаспай қалады. Тіл дамуының баяулауы, сөздік қорды меңгеруінің қиындықтары және грамматикалық құрылыстарының қабылдауы баланың үлкендермен және құрдастарымен сөйлесуіне шектеу жасап, тілдік қарым- қатынасқа түсуге бөгет жасайды. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды түпкілікті зерттеуде тіл кемшілігінің біркелкі еместігін

зерттей келе, бұл балалардың тіл дамуының үш деңгейін Р.Е. Левина бөледі.

Бірінші деңгей әдебиетте «жалпы қолданылатын тілдің жоқ болуы, сөйлеудің жоқтығы деп сипаттады. Бұл деңгейде «тілсіз балалар» дегендер кездесуі мүмкін, оны тура мағынада түсіну қажет емес, себебі бала ез бетімен әңгімелескенде вербальді сөйлеу тәсілінің тұтас қатарын пайдаланады. Бұл жеке дыбыстармен дыбыс кешендерімен дыбысқа ұқсас, былдыр сөздер болуы мүмкін. Бұл кезде бала тілі диффузды сөздерге толады, яғни ана тіліне ұқсас сөзі болмайды. Бірінші деңгейде жалпы балалардың сөйлеу тілінің дамымаған балалардың тіл әдістерінде көп мақсатта пайдаланылатын сөздер: дыбысты келтіретін сөздер зағгарды да, олардың кейбір сипатымен қозғалыстарын білдіруі мүмкін. (эр түрлі ситуацияда айтылып машинаны, оның жүріп келе жатқанын, белгі беруін білдіреді). Бұл фактілер сөздік қордың кедейлігін көрсетеді, нәтижесінде бала сөйлеуге жатпайтын қолмен көрсету, мимика, интонация арқылы сөзін білдіреді. Ондай балада сөйлеудің импрессивті жағы қалыптасуы жеткіліксіз болады.

Жоғарыда айтыл ған дарды қорытындылай келе, бірінші деңгейдегі жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілі айналадағыларға түсініксіз болады.

Тіл дамуының екінші деңгейі әдебиеттерде «жалпы қолданбалы тілдің басы» деп аталады. Оның айырмашылығы баланың тілінде екі -үш, төрт сөзді фразаның пайда болуы мүмкін. Сөздерде сез тіркесін және фразаны жасай отырып бала эр түрлі сез тәсілдерін қолданады және оңай бұза да алады. Балалардың өзіндік тілінде кейде жай шылаулар мен олардың былдырлаған нұсқалары кездеседі. Екінші деңгейдегі бала шылауды дұрыс қолданбай сөйлем мүшелерін дұрыс құрастырмайды. Алдыңғы деңгейге қарағанда сөздік қоры тек сандық жағынан ғана емес сапалық жағынан да жақсарады: зат есім, етістік, сын есімнің саны кеңейіп үстеу мен сан есімдер пайда болады. Бірақ сез туындатушы операциялардың жеткіліксіздігі етістік, сын есім, зат есімдер жалғауларын дұрыс қолданбауға әкеледі. Жалпылама ұғымдар, синоним мен антонимдер жүйелерінің қалыптасуы қиынға түседі. Екінші деңгейдегі балалардың сезі дыбыстарды айтқанда сөздердің буын бұзылуына қарай түсініксіз болып келеді.

Сөйлеу тіл дамуының үшінші құрамының деңгейі толық дамымаған лексикалық, грамматикалық, фонетикалық элементтерінің көпшілігі фразалық тілімен құрылады. Бұл деңгейдегі балалар жай сөйлемдерді кейде күрделі сөйлемдерді қолданады. Ондағы сөйлем құрылысының бұзылуы мүмкін, мысалы, турлаулы, тұрлаусыз сөйлем мүшелері болмауы мүмкін . Балалардың мүмкіндігі жеке жай шылауларды қосу арқылы көмекші септік құрылымдарын пайдалануға дейін еседі. Өзін/к тілінде грамматикалық қателіктерді септік, шақтарды қолдануда қателіктері азайады. Бірақ етістіктің келер шағы, сан есімдердің септелу кезінде қателіктер жібереді. Күрделі шылауларды пайдалану жеткіліксіз. Үшінші деңгейдегі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың бір кеңейтілген сөз туындаушы модельдер арқылы жаңа сөздер жасап, түсіне алады. Сонымен бірге бала туындаушы негізді дұрыс таңдауға киналады (үйші-үй салушы адам), адекватты емес аффиксальді элементтерді пайдаланады. Кемшіліктердің бұл деңгейде қайталанатын ұғымдарды, абстрактілік және дерексіз сөздерді, ауыспалы мағынадағы сөздерді нақты түсінбейді және дұрыс қолданбайды. Сөздік қордың күнделікті тұрмыстық жағдайда жеткілікті көрінгенімен нақты зерттеу кезінде кейде балалар (шынтақ, кенсірік, қабак, танауды) түріндегі білмейтіні белгілі болады. Балалардың сөйлеу әрекетіне даму мүмкіндіктеріне детальды талдау жасауда сөздер мен күрделі буынды құрылымға фразаларды айту кезінде қиындықтардың болатынын дәлелдейді. Дыбысты айту мүмкіндігінің жақсаруында да дыбыстардың дифференциясын шығарудың жеткіліксіздігі байқалады. Балалар сөздегі бірінші

және соңғы дыбыстар жоқ сездерден тапсырма орындағанда киналады, олар суреттердің көмегімен орындайды. Сөйтіп, оқуда үшінші деңгейдегі кемшіліктер кезінде талдау балаларды синтез операцияларының қалыптасуы жеткіліксіз, бұл олардың оқу мен жазу дағдысына кері әсер етеді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар мен жұмыс істеуде логопедиялық көмектің әсері байланыстырып, өз ойларын ірамматикалық және фонетикалық *ирыс* айтып беру мүмкіншілігін қалыптастырады. Сонымен бірге логопед күнделікті тәжірибе барысында игерген түзету жұмысы арқылы жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың өз мүмкіншіліктеріне қарай да жұмыс жасай алады. Вұл олардың мектепте оқуына, үлкендермен баска балалармен сөйлеуіне, тұлгалық қатынастың қалыптасуына зор маңызы бар.

Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалармен жұмыс істеуде балалардың мектеп алды жасында түзету жұмыстарын жүргізу қажет. Сөйтіп тәжірибе барысында байқағанымыздай жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалар мектеп жасына дейінгі балалардың суреттеу арқылы әңгімелеу тілінің дағдыларының қалыптасуында ерекше роль атқарады. Мұндай балалар әңгімелеуде және көрнекілік арқылы әңгіме құрғанда киналады. (мысалы, сюжетті картиналар сериясы). Сөйлеу тілінің даму бағыттары қалыптасуы -балалардың сөйлеу тілін зерттеуді тереңдетуді талап етті. Сонымен бірге

көру жоспарының болуы ондай әңгімелерді нақты, жүйелі, толық, ретгі етеді.

Сөйтіп жұмыс тәжірибеде меңгергеніміз сабаққа әңгімелеуді үйреткен кезде шығармашылық сипаты бар тапсырмалар жүйелі тілді және балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытады. Сөздің кедейлігін жойып, тіл байлығын кеңейтеді.

Жеке тұлғаны оқуға, жазуға үйрету процесі негізінде қалыптастыруы логопедтің педагогика-психология ғылымдарының соңғы жетістіктерін мектеп тәжірибесінде жедел енгізуді талап етеді.

Бала қоршаған ортаны танып білу, еңбекке қатынасы, өз ойын толық жеткізе білуі сөйлеу тілімен байланысты. «Айтылмай қалған -сөз жетім» демекші қазіргі кезде логопед маманы тек қана арнаулы мекемелерде ғана емес жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарына көмегі тиері сөзсіз. Және бала-бақшаларға да септігін тигізеді.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған баланың мектепке психологиялық дайындығы күрдастар ұжымында оқу бағдарламасын игеру үшін психологиялық дамудың қажетгі және жеткілікті деңгейімен сипатталады. Мектепке оқуға дайындықты анықтау ең алдымен оқуға ата-анасы одан кейін балабақша ұжымы жұмыс жасайды. Оларды дамыта жұмыс жүргізу мақсаты жасалынады. Дамытуды қажет ететін балалармен жұмысты топтық түрде жүргізу біршама оң нәтиже береді. Мұндағы басты мақсат жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды мектепке оқуға психологиялық, педагогикалық және медициналық толық дайындық деңгейіне жеткізу. Дамыпұшы топтағы жұмыста негізгі назар баланың сөйлеу тілін қалыптастыруға арналады, Бұл жерде педагогтың-логопедтің мақсаты балада ең алдымен сөйлеу тіліне қызығушылығын оята отырып жоғары психологиялық қызметін дамыту, түзету болып табылады. Қорыта келгенде баланың сөйлеу тілін дамыту дайындығын анықтау мәселелерін қарастыра отырып темендегідей тұжырым жасауға болады.

1. Баланың сөйлеу тілін дамыту дайындығы туралы ата- ана пікірі көбіне бір жақты сипатта болатынын ескеру қажет. Кептеген ата-аналар өз балаларының сөйлеу тілінің дайындығынан гері жалпы денсаулығына баса назар аударады. Осыған орай баланың сөйлеу тілінің даярлығы туралы ата-аналар арасындағы психологиялық- педагогикалық ағартушылық жұмысын жүргізу қажет.

2. Мектеп жасына дейінгі жастың соңында жалпы сөйлеу тілі бұзылған баланың өзін қоғам мүшесі ретінде сезіне алатындығын керсетуге болады.

Задачи: Продолжать учить детей умению воспринимать музыку через зрительный и тактильно-вибрационный анализаторы; учить детей умению пользоваться остаточным слухом; учить детей определять начало и окончание музыки; формировать ритмичность повторяющихся движений (удары в барабан); учить различать регистры (низкий, высокий), используя характерные образы (Мишка, зайчик).

Оборудование: таблички, коврик, игрушки-медведь, заяц, барабан, бубен, погремушки, ребристая доска.

Ход занятия

Муз.рук.: Здравствуйте, ребята! Я хочу вас позвать к мишке в гости. Там в лесу живёт мишка (показывает жестом «там»). Пойдём к мишке в гости. (Действия детей с сурдопедагогом.)
Идут под марш. (С окончанием музыки останавливаются.)

Мишка живёт далеко, поедem на поезде! Где наш поезд? Как поезд гудит? Ту-туу. (Дети проговаривают вместе с педагогом). Сейчас будет звучать музыка и наш поезд отправится в путь, когда музыка перестанет звучать, мы приедem к мишке в гости. Слушайте внимательно. (Дети выстраиваются паровозиком и с началом музыки начинают двигаться.)

Муз.рук.: Дети, музыка закончилась! Мы приехали к мишке в гости!
(Сурдопедагог показывает зайчика).
Ой, к нам зайка пришёл!
Дети, давайте поздороваемся с зайчиком (дети и педагог проговаривают приветствие).

Муз.рук.: Ребята, а зайчик очень любит танцевать, давайте с ним потанцуем.
(Действия детей с сурдопедагогом).
(Дети выполняют «Пружинку» «Ах, вы сени», рус.н. мелодия)

Муз.рук.: Молодцы, здорово танцевали. Зайка, а где мишка? (Зайчик отвечает: «Там Мишка и машет рукой в сторону».)

Муз.рук.: Пойдёмте к мишке, ребята, давайте покажем, как мишка ходит.

(Дети идут, как Мишка.)

Муз.рук.: Ой, что это? (перед детьми лежит ребристая доска). Это река. Надо перейти через реку. Вот мост, он узкий. Будем переходить по одному.
(С начала музыки дети начинают идти по мостику по одному).

Муз.рук.: Ура! Вот мишка! Привет, мишка!

(Дети здороваются). Мишка очень любит слушать песенки, споем мишке песенку. (Дети с сурдопедагогом исполняют песню «Мишка» муз.

(Звучит мелодия дождя).

Муз.рук.: Дождик пошёл, а мы не боимся.

В руки зонтики возьмём.

Всё равно гулять пойдём.

«Танец с зонтиками» (Песня. «Виноватая тучка»)

Сурдопедагог:

Вы ребята, молодцы.

Вы и пели и плясали,

А вот на детских инструментах Ещё
не играли.

Подходите все скорей Заиграем
веселей!

Проводится музыкально-дидактическая игра: «Угадай, на чём играю?»

Муз.рук.: Молодцы, ребята! Мне очень понравилось слушать, как вы играете на инструментах. А сейчас мы поиграем в игру: «Музыкальная погремушка».

Муз.рук.: Мишке и зайчику очень понравилось с вами ребята петь и танцевать. А наше занятие закончено. (Дети прощаются и уходят).

1. Головчиц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика. - М.: ВЛАДОС, 2001. - 302 с.

2. Руленко Л. И., Смирнова О.И. Аудиология и

слухопротезирование. — М.: АкадемА, 2003. -207 с.

3. Практическое руководство по сурдологии/Под общей ред. проф. А.И.Лопотко. - СПб., 2008. - 273 с.

4. Жукова О.С. Как вырастить умного ребенка. - М.: «Олма- Пресс», 2002. - 240 с.

5. Королева И.В. Развитие слуха и речи у глухих детей раннего и дошкольного возраста после кохлеарной имплантации: Учебное пособие. - СПб., 2008.-286 с.

6. Шматко Н.Д., Пельицкая Т.В. Если малыши не слышат. - М.: Просвещение, 2003. - 204 с.

7. Сулейменова Р.А., Ерменова М.Р. Скрининговое обследование слуха новорожденных и детей раннего возраста: Методические рекомендации. — Алматы: ОО «Центр САТР», 2008. —32 с.

8. Королева И.В. *Диагностика и коррекция нарушений слуховой функции у детей раннего возраста.* — СПб.: Изд. КАРО, 2005. - 280 с.

9. Королева И.В. *Отбор кандидатов на кохлеарную имплантацию.* - СПб., 2008. - 97с.

10. *Выявление детей с подозрением на снижение слуха/Под ред. Таварткиладзе Г.А., Шматко Н.Д.* — М.: Экзамен, 2004. - 96 с.

11. *Миронова Э.В., Пельмская Т.В., Шматко Н.Д. Педагогические методики выявления детей с подозрением на снижение слуха (младенческий, ранний, дошкольный и школьный возраст).* - М., 2000. - 40 с.

12. *Шматко Н.Д., Пельмская Т.В. Если малыши не слышат.* - М., 2003. - 204 с.

Түйін

Мақалада есту қабілігі бұзылыстары бар балалардың дамуындағы кемістіктерді түзету мен орнын толтыруды қамтитын музыка сабақтарыңыз негізгі мақсат-міндеттері көрсетілген.

Summary

The problems of musical-rhythmical education of children with bitches of rumor are disclosed in the article. It is said in the article, that all the work is based on multisensor principle. A teacher must use the movement modeling method as the main.

КОМЕКШІ МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНДА ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Т.К.Нурланова -

Есік көмегі мектебінің тәрбиешісі

Бүгінгі таңда мүмкіндіктері шектеулі жеткіншектерді тәрбиелеу барысында тәрбиенің нәтижелі болуы арнаулы мектептердің және әлеуметтік орта арасындағы жұмыстың бірыңғай және сабақтас жүргізілуіне байланысты. Осындай біртұтас қарастырылған тәрбие жұмысы көмекші мектеп оқушыларының жан-жақты жетілуіне, әлеуметтенуіне негіз болмақ. Халқымыздың рухани - мәдени қайта ерлеуі кезеңінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға терең де жүйелі білім беруде, оларды қоғам талабына сай азамат етіп тәрбиелеуде қазақ этнопедагогикалық материалдарының маңызы артып отыр.

Қазіргі кездегі арнайы мектептің педагогикалық тәрбие әдісі, ұжымы әлі де жете зерттелмеген мәселелердің бірі, сондықтан да мүмкіндіктері шектеулі балаларды қазақ этнопедагогикасы материалдары негізінде тәрбиелеу барлық пәндерді оқытуда жүзеге асырылуы тиіс.

52

Тәрбие әдісі - тәрбиеленушілер мен тәрбиешілердің өзара байланыс іс-әрекеттерінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына бағытталған педагогикалық жұмыс тәсілдері. Тәрбие әдісі - тәрбиенің мақсатына, принциптеріне және мазмұнына балалардың жас және дербес психологиялық ерекшеліктеріне, олардың тәжірибелік дәрежесіне байланысты.

Қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалана отырып тәрбиелеу, мүмкіндіктері шектеулі балалардың жас ерекшелігіне, сай жүргізуді де қажет. Барлық адамның мінез-құлқы, қабілеті бірдей емес. Солай болғандықтан да оларды тәрбиелеу әдісі, ықпалы, құралы да алуан түрлі болмақ. Олай болса, бала

мінезін жете түсініп, жекешелеген өзгешілігін еске ала білу қажет. «Отбасы өнеге» деген халық мақалы да осыны ескертеді. Біз бұдан ата-ананың балалары алдында өздерің біркелкі ұстауы, әке мен ананың өзара татулығы, сыйластығы, пікір келісімі- отбасында бала тәрбиесіне зор ықпал жасайтынын халық педагогикасының орынды пайымдағанын байқаймыз. «Адамға көбінесе үш алуан адамнан мінез жұғады. Бірінші - ата-анадан, екінші - ұстазынан, үшінші - құрбысынан» - деп ұлы ойшыл Абай да өте дұрыс айтқан. Осы пікірді халық педагогикасында «Атпаз көрген ат таныр, ұстаз көрген хат таныр», «Өмір үлкен мектеп» деген мақал-мәтелдер арқылы құптайды. Бірақ та құрғақ өсиет, күнсыз уағыз арқылы емес, жеке бастың үлгісімен, тапқырлық тәсілмен баланы тәрбиелеу орынды дегенді атап көрсетеді.

Кемекші мектеп жағдайында сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс түрлерінің де маңызы зор. Сондай жұмыстардың бірі «Ұяда не көрсең, ұшарда соны ілерсің» атты тәрбие сағатына тоқталайық.

Тақырыбы: «Ұяда не көрсең, ұшарда соны ілерсің»

Мақсаты. Білімділік: Этнопедагогика материалдары негізінде ұлттық мәдениетті қалыптастыру. Еркін сөйлеуін, өз ойын жеткізе білуін дамыту.

Қазақ ұлтың тәрбиесіне деген, қызылушылығын бесенділігін арттыру.

Дамытушылық: Өмірге көзқарасын, қызығушылығын, ой-ерісін дамыту, жеке бас тұлғасын тәрбиелеу.

Тәрбиелік: Оқушыларды этнопедагогика материалдары арқылы әдептілікке, еңбекқорлыққа, кішіпейілдікке, мейрімдікке баулу.

Көрнекілігі: Плакаттар, карточкалар (мақал-мәтелдер, нақыл сөздер т.б жазылған)

Әтілу барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Кіріспе сөз.

Жүргізуші: Қымбатты ұстаздар, ата-аналар. Бүгін оқушылар сіздерге арнап «Ұяда не көрсең, ұшарда соны ілерсің», атты тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етініздер.

Туған соң адам боп,
Білімсізден жаман жоқ Ел дәстүрін
білмесең Журт айтады надан деп.
Ата - бабаң ардақты Жамандыққа
бармапты Ардақ тұтып үлкенді Ата
жолын жалғапты.

2-оқушы: Бүгінгі заман адамы, сегіз қырлы, бір сырлы болып өсу керек. Оның ең бастысы адамгершілік. Ата-ананың тілегі сенің жақсы адам, азамат болуың, сендердің еңбек сүйгіштігің, оқу мен еңбектегі табыстарың ата-ана үшін шексіз бақыт.

3-оқушы: Ана-менің саркылмайтын бұлағым

Ана-менің таусылмайтын жыр-әнiм.
Ана-сенің күлімдеген бейненді Түсімде
де жиі көріп тұрамын.

4-оқушы: Ата-анаға үлкен сын

Бала-есіру ұлы өнер.
Жақсылардың соңынан

Жарқын қызбен үл өрер.
Атам менің эманда
Әдепті жан бол деген
Ата сезі санамда.
Жасы үлкенге жол берем Алд
ын орап кісінің Кесіп өтпей
көлденен Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп қол берем.

5- оқушы: Бала өсіру үлкен өнер. Ата -бабаларымыз әсіресе қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Мына мақал-мәтелдер тегін айтылмаған. «Қыз өссе елдің көркі», «Қыздан қырық үйден тыю». Енді осы тақырыпқа арналған мақал-мәтелдер сайысын бастайық. Кім қандай мақал- мәтелдер біледі? Енді мына мақапдарды оқып мағанасын түсіндіріңдер.

1. Әке сөзі - парыз. Ана сүті - қарыз.
2. Ұл өссе ұрпақ. Қыз өссе ырыс.
3. Ұлың өссе күндей мұратың.
Қызың өссе жұратың.
4. Ұлың өссе күндей боласың
Қызың өссе гүлдей боласың.
5. Даулетінің қадірін ұлың өскенде білерсің.
Абройының қадірін қызың өскенде білерсің.
6. Әке ер, ана жігер,
Бір үйде екі кемеңгер.
7. Жанұяға қарап бала өседі.
Қарағайға қарап тал өседі. (Әке, ана туралы өлең айтышады)

Жүргізуші: Ата - аналардың балаларға айтатын өсиеті еңбекқор болу. Енді еңбек сайысын бастайық. «Кім бұрын» деген ойынды ойнайық. Балалар ата-аналармен, екі топқа бөлініп, картоп тазалап, оны әдемі турап одан қандай тағамдар жасайтынын айтады. Содан соң, ата-аналар балалармен су тасуды көрсетеді, би бейлейді.

Қазылар алқасы сайыстың қорытындысын айтады. Ата-аналарға сөз береді.

Жүргізуші: Ата-аналарға арналған конкурс жүргізейік. Мына сұрақтарға толық, дұрыс және түсінікті жауап берген ата-аналар марапатталады.

1. Егер сіздің балаңыз қымбат, әдемі құмыраны сындырып қойса, сіздің әрекетіңіз?
2. Бала тәрбиесінде қазақтың қандай салт-дәстүрлерін қолданасыз?
3. Балама толық, әрі жетік тәрбие берудемін деп сеніммен айта аласыз ба?

Жүргізуші: Қазылар алқасы қорытындысын шығарғанша, үнді биін тамашалайық.

Жүргізуші: Әрбір адам туысың, досың, жұрағат,
Әрбір сабақ ұғыну, үйрену, ұлағат,
Әрбір сөзің шындық, бірлік, адалдық,
Әрбір ісің тірлік, тілек, адамдық.

Осыны есте ұстағанда ғана, оны ұрпақ бойына сіңіре алсаң ғана бәріне қол жеткізуге болатыны анық. Осымен біздің «Ұяда не керсең, ұшарда соны ілерсің»атты кешіміз аяқталды. Қатысқандарыңыз үшін көп рахмет!

Өткізілген тәрбие сағатының жоғарыда қойлған мақсаттарды шешумен қатар балалар ата-аналармен бірге іс-әрекеттерге қатысып, жоғары белсенділік, қызығушылық танытты.

1. Қожахметова Қ.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. - Алматы: РБК, 1997. -141б.
2. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. — Алматы: Білім, 1995. - 232 б.

Резюме

В статье рассматриваются пути использования этнопедагогических материалов в воспитательной работе вспомогательной школы.

Summary

This article shows the ways of use ethnopedagogics methods in the special schools.
**ОҚУ САБАҚТАРЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІБАЛАЛАРДЫҢ
ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМУ**

Ш.Е.Абирова -

№ 7 даму интеллектуалды қабілеті

төмен балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернаты

Көмекші мектепте мәтінмен жұмыс істеуде талдау мен жинақтау процестеріне ерекше мән беріледі. Өйткені ол оқушылардың танымдық қызметін жетілдірудің ең басты қайнар көзі, болып табылады және балалардың ақыл - есін жетілдіруде үлкен мүмкіндіктер береді. Оқушылар әдеби және ғылыми - көпшілік мәтіндерді оқи отырып, өздерінің тәжірибелерін байытады және мол білім алады. Оқу процесінде олар қоршаған айналаны танып - біліп, айтылған сөз туралы, ғарыш туралы біледі. Кітап арқылы олар, өздері онда болмаса да, алыстағы ел туралы, ғарыш туралы біледі. Осыдан - ақ белгілі, балалардың оқу және оқу материалдарын түсінікті жүргізуі арқылы олардың мәтінді қабылдауы басталады, ойлау қабілеттері артады. Ол ойлау қызметін дұрыс әрі ұқыпты пайдаланудағы негізгі психологиялық ерекшеліктер мен заңдылықтарды тануға мүмкіндік береді, сонымен бірге көмекші мектеп оқушыларының білімді қабылдау процесін сипаттайды. Білімді игеру процесінің заңдылығын ашу - бұл оқушылардың білімді игеру деңгейлерін зерттеу және анықтау.

Енді оқушылардың оқу сабағында өздеріне берілген тапсырманы орындау барысында ойлау қабілетінің қалай арттырылатындығына тоқталайық. Оқу тәжірибесінде жиі кездесетін жаттығуларды аламыз: мәтінді бірнеше бөлімге бөліп, әр бөлімнің тақырыбын қоямыз. Бұл тапсырма 4-ші сыныптан бастап беріліп 7-9-шы сыныптарда күрделене түседі. Яғни оқушыларға оқыған мәтінге қарай жоспар жасау тапсырылады. Олар әр түрлі формада жүргізіледі. Ол мұғалімнің тақырып немесе сурет бойынша берген тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады, немесе балалардың өздерінің еркін түрде жұмыс істеуі, яғни мәтінде өздері бөлімдерге бөлуі мүмкін. Оқушылар бірден мәтіннің нақты бөлігіне немесе тақырыпқа (суретке) дұрыс қарамайды. Осы операцияның орындау барысында олар мәтінді бөлімдерге бөлуді бірнеше рет жүргізуге мәжбүр болады. Біздің ойымызша әр түрлі әңгіме кезектілігі сақталмайды, негізгі мағынасын толық аша алмағандықтан кейбір басты уақиға немесе сипаттамаларды тастап кетеді.

Талдау синтезге бағынбаған жағдайда мұғалім оқушыларға мәтіннің мазмұнын жіктеуге, оны біркелкі жағдайда қабылдауға көмектеседі. Егер синтезге байланысты қиындық туса, онда мұғалім мәтіннің жеке бөлімдерді арасындағы байланысты түсіндіруге көмектесіп, ондағы ойды біріктірудің мүмкіндіктерін көрсетеді. Мәтіннің мазмұнын дұрыс жіктеу үшін

онымен толық танысу қажет.

Мұның өзі оқушылардың байланыстарды орнатуы, мәтін бөлімдерін толықтыруы кезінде пайда болады. Балалар бұл байланыстарды жақсы ұғынған кезде ғана мәтіннің мазмұнын толық түсіне алады. Сабақ үстінде мәтінмен жұмыс істеу кезінде, кітап оқудың түрлі әдісі қолданылады: оның бірі мәтінмен алғашқы рет таныстыру; екінші - оны ұғынып баяндау, үшінші: мазмұнның мағынасыз - тақырыптың мазмұнын жинақтап қорыту.

Мәтінді талдау, мәтінде толық түсінгеннен кейін және оның мазмұны не туралы жазылғанын анықтап алғаннан кейін мәтін тағы қайталап оқылады да осы тұста талдау жасайды.

Ақыл-ойы кемшіл оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу процесіндегі талдау мен жинақтау ойлау барысын, біз олардың осы қызметтегі сипатталатын бір қатар белгілерге қарап жинама түрде талдай аламыз. Сол талдау барысында оқушылардың орындалған мәтінінде өзгерістің болғандығы байқалса, онда қандай өзгеріс енгізгендігі, оны қалай байытқандығы, ерекше мәнге ие болуы керек. Осы ерекшеліктерді зерттеу және есепке алу, оқу атқарған жұмыс сипатын түсінудің шарты болып табылады. Оқу тапсырмасының кез келген шешімінің нәтижесін түсіну және бағалау оқушының сол шешімге баруға дейінгі жүріп өткен жолы процесін анықтауы қажет. Оқушының қандай жұмыс істегенін немесе не нәрсеге қол жеткізгенін біліп қана қоймай, оның осы жолда қандай әдістерді пайдаланғанын білу керек. Осы жағдайда ғана оқушылардың білімді игеру процесіне белсенді көмектесу нәтижесін дұрыс бағалауға болады.

Мәтінмен жұмыс барысында талдау және жинақтау процестерінің қалыптасу ерекшелігін анықтау мақсатымен төмендегідей эксперимент ұйымдастырылды. 7-9-шы сынып оқушыларына екі белімнен тұратын үш әңгіме берілді. Әр әңгіменің бірінші бөлімінде күз айларындағы табиғаттың көрінісі суреттелген осы уақыттағы болатын өзгерістер сипатталған.

Екінші белімінде әр түрлі жануарлардың күзде, қыс айларына қалай дайындалатындығы айтылған. Оқушыларға әңгіменің мазмұнын біріктіріп, содан «Күз» тақырыбына әңгіме құру тапсырылады. Тәжірибе барысында алдын ала оқушыларға сұрақ, жауаптар арқылы, екінші бір жүйе суреттер арқылы әр бөлім бойынша көз алдарында ілулі тұрған сюжетті суреттер арқылы ойын жүргізіліп отырды. Зерттеу барысында 7-9-шы сынып оқушыларының мұндай тапсырманы орындау мүмкіншіліктері бар екендігі анықталады. Бірақ орындау деңгейі әр сыныпта, әр балада әр түрлі болды.

7-ші сынып оқушыларының көпшілігі (50%) мәтіндердің мазмұны жағынан ұқсастығын анықтап, біріктіріп әңгіме құрастыра алмады. Оқушылар әр түрлі көмек көрсету нәтижесінде (сұрақ қою, сурет көрсету т.б.) ғана мәтіннің әр бөлімінде не туралы айтылғанын жеткізе алды. Бірақ екі белімнен тұратын үш әңгімені біріктіріп айтудың орнына алдымен бірінші, содан соң екінші мәтіннің мазмұнын айта бастады. Немесе әр мәтіннен жеке сөйлемді бөліп айтады, сондықтан мәтіннің мазмұны байланыспайды, толық ашылмайды.

m

с

8-ші сынып оқушыларының тапсырманы орындау нәтижесі 7-ші сынып оқушыларына қарағанда біршама жоғарырақ екені байқалды. Олардың басым көпшілігі әңгімеде алдымен табиғат туралы, содан кейін ағаштар және аңдар туралы айтылатынын тұжырымдады. Қалған оқушылар қосымша көмек көрсету нәтижесінде ғана, әр түрлі қиындықпен орындай алды,

9-шы сынып оқушыларының 90% жоспарды өздері құрастырып сол бойынша мәтіндерді біріктіріп әңгімелеп берді. Әрине өз ойларын әр түрлі деңгейде жеткізді. Мысалы кейбір оқушылар әңгімені «Күз» басталысымен жануарлардың өмірінде өзгеріс болды. «Күзде ауа райы өзгереді» деген жинақтау ұғымнан бастап, әрі қарай соның мағынасын ашуға тырысты.

Сонымен зерттеу қорытындысы, көп жылғы тәжірибеде бақылау барысында мәтінмен жұмыс барысында көмекші мектеп оқушыларының анализ және синтез процестерін дамытуға көп көңіл бөлу керек екені және бұл бағытта максатты жұмыс жүргізу керек екенін байқадық.

■1. *Аксенова А.К. Методика обучения русскому языку в коррекционной школе. - М., 1999.*

2. *Петрова К.Г., Белкова И.В. Психология умственно отсталых школьников. - М., 2002.*

Резюме

В статье рассматривается развитие познавательных процессов в ходе работы над текстом во вспомогательной школе.

Summary

This article describes the development of cognitive processes in the course of the text in a special school.

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛДАМАҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҒ ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ТҮСІНІГІ

Э.К.Жумакаева -

4-курс студенті,

Қ.К.Өмірбекова -

ғылыми жетекшісі, профессор, ҚазҰПУ, Арнайы педагогика кафедрасы

Мектепке дейінгі жастағы балалардың фонематикалық түсінігінің даму мәселелері педагогикада, психологияда, лингвистикада және логопедияда кеңінен әртүрлі түсіндіріледі. Арнайы әдебиеттерде *фонематикалық түсініюу* деген ұғыммен қатар *«фонематикалық есту»*, *«фонематикалық қабылдау»* деген әртүрлі терминдерде қолданылып анықтама беріледі. Мысалы: А.С Волкова *фонематикалық есту* ол - фонеманы ажырату және тану операциясын қамтамасыз ететін *«нәзік есту қабілеті»* деп сипаттаса, ал *«фонематикалық қабылдау»* - фонеманы ажыратуға және сөздің дыбыстық құрамын анықтауға бағытталған арнайы ойлау іс-әрекеті» дейді.

Логопедиялық сөздікте «фонематикалық есту - адамның тіл дыбыстарын талдау және жинақтау қабілеті, яғни тілдің фонемасын қабылдауын қамтамасыз ететін есту» деген анықтама береді. Көптеген авторлар (Н.Х.Швачкин /1/, Н.И.Жинкин /2/, А.Н.Гвоздев/3/ т.б.) фонематикалық түсінік ұғымын тіл дыбыстарын ажырату және сөздің дыбыстық құрамын талдауды меңгеру қабілеті деп түсіндіреді, яғни зерттеушілер бұл ұғымды дыбыстық талдау және жинақтау ұғымына жақындатады. Р.Е Левина бойынша *«фонематикалық түсінік»* қалыптасу барысында логикалық процесстерге кеңінен ұштасады, соның негізінде бала фонематикалық белгілерді жинақтайды деп есептейді. Өзінің еңбектерінде автор фонематикалық даму - ауызша сөйлеу тілін, оқу мен жазуын, ал дыбыстық талдау сауат ашудың негізі болып саналады деп көрсетеді. Сонымен Р.Е Левина алғашқы рет фонематикалық қабылдау мен дыбыстық талдауды және фонематикалық түсінікті бір бірінен айырмашылығы бар екі функция деп қарастырады.

Бұл бағытта зерттеулер тек орыс тілінде жүргізілген, ал қазақ балаларының фонематикалық түсінігін анықтауға бағытталған жұмыстар осы кезеңге дейін жүргізілмеген. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен түзету-тәрбиелеу жұмысын жүргізу барысында, уақытанда сөйлеу *тілінің* қалыптасуын тексеріп анықтаудың маңызы ете зор, және қазіргі кездегі езекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты: Жалпы сөйлеу тілі дамымаған қазақ балаларының фонематикалық түсінігінің қалыптасуын анықтау болып табылады.

Зерттеу міндеттері: Мектепке дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың фонематикалық түсінік деңгейін анықтау; Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды қалыпты дамыған балалардың фонематикалық түсініктерінің даму деңгейімен салыстыру.

Зерттеу Алматы қаласындағы бала бақшаларда жалпы сөйлеу тілі дамымаған III деңгейіндегі және 6 жастағы қалыпты дамыған балалармен жүргізілді.

Фонематикалық түсінігін тексеру әдістемесінің негізіне Ресейдің білім беру академиясының түзету педагогикалық институтының ғылыми қызметкерлері құрастырған әдістемелер және қазіргі кезеңдегі психолінгвистика, психология саласындағы әдістемелер алынды. Сөздік материалдар қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасының және жас ерекшелігіне сәйкес іріктеліп алынды.

Тексеру нәтижесінде алынған деректер бойынша балалардың фонематикалық түсінігі үш деңгейге бөлінді: жоғарғы, орташа, төмен. Жоғарғы

деңгейдегі балалар тапсырмаларды бірден, кемексіз, ез бетімен орындады. Тапсырманы орындау барысында орташа деңгейдегі балаларға нұсқауды қайталап айтып, түсіндіруге тура келді. Берілген дыбысқа сөз құрау тапсырмаларын толық орындай алмады, тек сөздің басындағы дыбысқа сөз таңдай алды. Төменгі деңгейдегі балаларда барлық тапсырмаларды орындау барысында қиындықтар туындады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар мен қалыпты дамыған балалардың фонематикалық түсінігінің даму деңгейін кестедегі тапсырмаларды орындау нәтижелерінен байқауға болады.

1-КЕСТЕ - ЖСТД балалармен қалыпты дамыған балалардың фонематикалық түсінігінің қалыптасу деңгейі (% бойынша)

Тапсырмалар	Фонематикалық түсінігінің қалыптасу деңгейі.					
	Жоғары		Орташа		Төменгі	
	ЖСТД	Қалыпты	ЖСТД	Қалыпты	ЖСТД	Қалыпты
Берілген дыбысқа сөз табу	5,0	50,0	10,0	45,0	85,0	5,0
Берілген дыбысқа әртүрлі позицияда сөз құрау	4,0	33,0	5,0	40,0	91,0	27,0

Кестеде көрсетілгендей Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың тек 5% ғана берілген дыбысқа сөз табу тапсырмасын жоғары деңгейде орындай алды. Орташа топқа іріктелген балалар, бірден тапсырманы орындай алмады. Кебінесе қоршаған ортадағы білетін сөздерін атады. Балалар тек нұсқауды қайталап түсіндіріп, бағыттаушы кемектен кейін ғана тапсырманы орындады. Төменгі деңгейдегі балалардың 85% бұл тапсырманы орындау да қиыншылықтар байқатты.

Дыбыстың берілген орны бойынша сөз ойлау тапсырмасын Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың көбі орындай алмады. Мысалы: төменгі деңгейдегі 91% тапсырманы үлгі бойынша да орындай алмады. Орташа деңгейдегі балалардың 5% тек сөздің басындағы дыбысқа жаңа сөз тауып айта алды.

Ал қалыпты дамыған балаларға тоқталатын болсақ, Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларға қарағанда барлық көрсеткіштер әрине жоғары болды. Бірінші тапсырманы орындау барысында тек 5% балаларда кейбір қиыншылықтар кездесе, әртүрлі қосымша көмек көрсетілуіне қарамастан, екінші тапсырмада қалыпты балалардың 27% қиындық туындады.

Сонымен екі топқа жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша фонематикалық түсінігінің төмендегідей ерекшеліктері анықталды:

- Жалпы сөйлеу тілі дамымаған III деңгейдегі қазақ балаларының фонематикалық түсінігінің қалыптасуы төмен деңгейде;

- 6 жастағы қалыпты балалардың көбінде фонематикалық түсінігі жалпы қалыптасқанымен, кейбір балаларда әлі де болса толық қалыптаспаған. Оған дәлел 27% балаларда әртүрлі қиындықтар кездесіп, тапсырманы толық орындамағаны байқалды.

Зерттеу барысында анықталған деректерді ескере отырып, төмендегідей қорытынды жасалды:

- Мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі бұзылған балалармен логопедиялық түзету жұмысын жүйелі, мақсатты түрде жүргізу керек.

- Логопедиялық түзету процесінде фонематикалық түсінігінің дамуының алғы шарттарын, дыбыс айтуын, сөз қорын, гамматикасын, сөздің дыбыстық құрамын талдау, жинақтау, сөзсіз функцияларын қалыптастырып дамытуға жұмыс түрлерін қатар жүргізу қажет.

1. *Основы теории и практики логопедии/Под ред. Р.Е.Левиной. - М., 1979.*

2. *Өмірбекова Қ.Қ, Бақыбекова В.С. Сөйлеу тілінің фонетикалық, фонематикалық; жағын тексеру және дамыту. - Алматы: Алматыкітап, 2003.*

3. *Швачкин Н.Х. Развитие фонематического восприятия в раннем возрасте//Известия АПН РСФСР. -1948.*

Резюме

В статье рассматриваются особенности фонематических представлений детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи.

Summary

In this article considers the feature of phonemic perception preschool age with general exhalation speech.

КӨМЕКШІ МЕКТЕПТІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӨРІШ КЕҢЕСТІКТЕ БАҒДАРЛАУЫН ТЕКСЕРУ ӘДІСТЕРІ

Г.Н.Тулєбиева -

ғылыми жетекшісі, аға оқытушы,

Э.М.Мурзагалиева —

4— курс студенті

Көріп қабылдау - бұл көзге келіп түсетін кептеген қоздырғыштарды талдайтын күрделі жұмыс.

Адам қоршаған орта туралы мәліметтерді көру арқылы қабылдайды.

Көріп қабылдау - әртүрлі жүйелік компоненттерден тұратын кешенді процесс: көру - моторлы координация, көріп бақылау дағдылары, көру анализаторының талдау - жинақтау іс - әрекеті, қабылдаудың көлемі, анықтылығы.

Көру бейнелері басқада психикалық бейнелер тәрізді көп деңгейлі және күрделі, ол көріністің үш деңгейін қамтиды; сенсорлы - перцептивті, бейнелеу және вербальды - логикалық деңгей. Б.Ф.Ломов /1/, И.М.Соловьев /2/, т.б. зерттеулері керсеткендей интеллектісі зақымдалған балаларда көру көрінісінің барлық деңгейлерінің қалыптасуы зақымдалған. Бұл балаларда көру бейнелері кедей, деформацияланған және тұрақсыз. Оқушылар объектінің бейнесін қиындықпен анықтайды, ажыратады. Кейде маңызды белшектерін тастап кетеді. Бұрын көрген объектілер мен құбылыстар атауларын жалпылама атайды. Ғалымдар (И.М.Соловьев /2/, т.б.) төменгі сынып оқушылардың көріп қабылдауы шынайы заттармен сәйкес келмейтіндігін көрсетеді. Педагогтың көмегісіз қабылданған бейнелер кедей, қате, нақты емес болып келеді. Объектінің бейнесі толық болмайды.

Көріп қабылдаудың нақтылығы, бейненің есте сақталуы — оқу және жазу дағдыларының қалыптасуына да негіз болып табылады. Көріп қабылдаудың бұзылуы заттың, фигураның, әріптің, санның, олардың келемінің, бөлшектерінің ұқсастықтарын, бірдей элементтерін меңгеруге қиындық туғызады.

Интеллектісі зақымдалған төменгі сынып оқушыларының көріп қабылдауының бұзылуы кеңестікте бағдарлауының қалыптасуын тежейді. Көріп кеңестікте бағдарлауда да кез қозғалыс жүйесі маңызды роль атқарады:

жылдамдық, көз - қозғалыс реакциясының нақтылығы,

бинокулярлы көру. Кез - қозғалыс жүйесі талдау және объектілер арасындағы байланыстың өзгеруін қадағалап отырады.

Арнайы педагогикалық тәжірибеде ақыл - ойы кем балалардың көрген заттар мен құбылыстарды көріп қабылдауы жетілмегендігі белгілі. Олардың дәптер бетінде әріптерді дұрыс орналастырмауы, жазу жолынан шығып кетуі де көру функциясының зақымдалғандығын көрсетеді. Соған байланысты арнайы оқыту әдістемелері құрастырылды. Психологологиялық - педагогикалық және медициналық ғылыми бақылаулар ақыл - ой кемістігі негізінде жеке сезім мүшелерінің зақымдалуы емес, орталық жүйке жүйесінің зақымдалуы деп көрсетеді. Соның нәтижесінде талдау және жинақтау процесстері бұзылады. Көмекші мектеп оқушыларының көріп қабылдауын доцент Л.И.Брянцева зерттеді. Нәтижесінде көмекші мектеп оқушыларының көріп қабылдауы жалпы мектеп оқушыларынан

төмен екендігін анықтады.

А.Р.Лурия /3/, Л.С.Цветкова /4/ еңбектерінде жалпы және жеке моторика, керу арқылы қабылдау деңгейлері жоғары дәрежеде болуы керек деп айтады. Б.Г.Ананьевтің /5/ пайымдауынша баланын барлық анализаторларлық жүйелері біртіндеп қалыптасуы, оның қоршаған орта кеңістігінде қабылдау қасиеті кезеңнің дамуымен байқалады.

Жоғарыда аталған мәліметтердің барлығы Совет Одағы кезеңіндегі зерттеулер нәтижелері немесе Ресей және басқа да шетел авторларының қорытындылары болып келеді. Ал қазіргі уақыттағы Егеменді Тәуелсіз Қазақстанның болшақ ұрпақтарына қазақ тілінде білім беру мәселесі болып отырғаны белгілі. Бұл мәселе мүмкіндіктері шектеулі балаларға катысты. Дамуында әр түрлі кемістігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеуіне біздің республикамыздың дефектологтарының қосқан үлесі көп. Бірақ, қазіргі уақытқа дейін ақыл-ойы кем қазақтілді балалардың сауат ашуына даярлау қалпы жайында зертеулер жоқтың маңайында деуге болады. Ақыл-ой кемістігі бар қазақтілді балаларын ана тілінде оқыту мәселесі, оқуды жақсы меңгеруінде сауат ашудың алғы шарттарының, оның ішінде керіп кеңістікте бағдарлауының дұрыс қалыптасып, дамыту мәселесі маңызды болып есептеледі.

Қазақстан авторларының зерттеулеріне келетін болсақ, мысалға Мовкебаева З.А. /6/ мектеп жасына дейінгі интеллектісі қалыпты балалардың графомоторлы процестерін зерттеген. Автордың айтуы бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың графомоторлы дағдыларының қалыптасуы томен деңгейде болады. Зерттеу нәтижесінде балалардың графомоторлы дағдылары сауат ашуға дайындауың алғы шарттарының бірі болып табылатынын және олар осы жастағы балалардың психологиялық- педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық эрекетін жүйелі түрде ұйымдастырылуында қалыптасатыны дәлелдеді. Ақыл ойы кем балалардың кеңістікте бағдарлауының, фонематикалық есту қабілеттерінің ерекшеліктері жайында Түлебиева Г.Н., Өмірбекова Қ.Қ./7/, балалардың сукцетивті дағдылары жайында М.М.Рахимованың зертеулерінде айтылған. Аталған зерттеулер әлі де жеткіліксіз.

Сондықтан, біз жұмыстың өзектілігіне сүйене отырып, көмекші мектепте қазақ тілінде оқитын оқушылардың көріп - кеңістікте бағдарлау ерекшеліктерін анықтау мақсатымен зерттеу жұмысын жүргізудеміз.

Зерттеудің міндеті бастауыш сыныпта қазақ тілінде оқитын оқушылардың көріп - кеңістікте бағдарлау деңгейін анықтау; көмекші мектеп оқушыларымен қалыпты дамыған балалардың көріп - кеңістікте бағдарлау ерекшеліктерін салыстыру болып табылады.

Зерттеу арнайы құрастырылған әдістеме бойынша жүргізіледі. Әдістеме балалардың көру гнозисі мен кеңістікте бағдарлауын анықтауға арналған 3 сериялы 25 тапсырмадан тұрады.

- I. Бейнені көру және тану деңгейін анықтау.
- II. Әріпті Көру және тану деңгейін анықтау.
- III. Кеңістікте бағдарлаудеңгейін анықтау.
 - а) Өз денесін бағдарлау:
 - ә) кеңістікте бағдарлау:

б) жазықтықта бағдарлау:

Көріп кеңістікте бағдардау ерекшеліктерін тексеруге арналған тапсырмалар:

№1 Бейнені керу және тануға арналған тапсырмалар:

Нұсқау.

1. Мына суреттегі бейнелерді ата: Мысық, сағат, түлкі.
2. Мына суреттегі контурлы бейнелерді ата: Алма, піл, бака
3. Мына суреттегі пунктирлі бейнелерді ата: Гүл, чемодан, жылан.
4. Мына бірінің үстіне бірі салынған бейнелерді ата: Алма-лимон, алма-алмұрт-күмыра, алма-алмұрт-піл-жүзім
5. Мына элементсіз суреттерді ата: Шәйнек, қайшы, тышқан.

№2 Әріпті көру және тануға арналған тапсырмалар:

Нұсқау.

1. Мына суреттегі әріптерді ата. А Р О М Т Қ
2. Мына суреттегі әріптерді контурлы ата: М О Л Ә Ұ К
3. Мына суреттегі пунктирлі әріптерді ата: Р О Е Қ С Т
4. Мына бірінің үстіне бірі салынған әріптерді ата: А-Е, М-О, С-П, Ж-Н, И-Ұ, Ы-Ө,
5. Мына элементсіз әріптерді ата: С М А Қ Ә Р

№3 Кеңістікте бағдарлауға арналған тапсырмалар.

а) Өз денесін бағдарлау:

Нұсқау.

1. Оң және сол көзінді, қолынды, аяғынды көрсет
2. Менің артымнан қайтала: оң қалыңды көрсет, сол кезінді көтер
3. Мен кате орындаймын, сен дұрыс жасағоң қолымен оң көзінді көрсе, сол қолымен оң құлағынды көрсет
4. Менің сұрақтарыма жауып бер: мынау қай аяғын? мынау ұлағынды аташы?
5. Мына суреттегі баланың сол қолын, оң аяғын көрсетші.

ә) кеңістікте бағдарлау:

Нұсқау.

1. Мына дөңгелекті үшбұрыштың оң жағына қой
2. Мына қарындашты дәпердің үстіне қой
3. Мына орындықты устелдің алдына қой
4. Мына суреттен шкафтың ішіндегі итті тап
5. Схемадағы сызбаны шаршаның ортасына орналастыр

б) жазықтықта бағдарлау:

Нұсқау.

1. Қағаздың ортасына дөңгелек сал
2. Суреттегі қоршаудып сол жағындағы тышқандарды сана
3. Суреттегі жоғарғы оң жақта орналасқан жапырақты көрсет

4. Суреттегі үстел астындағы допты көрсет
5. Суреттегі шаршының ішіне нүкте қой

Құрастырылған әдістеме бойынша жүргізілетін зерттеу жұмыстарының нәтижелері келесі критерийлерге сүйене отырып талданады:

1. нұсқаларды түсіну;
2. тапсырмаларды дұрыс орындау;
3. тапсырманы орындау жылдамдығы;
4. тапсырмаға деген қызығушылығы;
5. тапсырманы орындаған кезде балаға көрсетілген көмектің көлемі.

1. Ломов Б.Ф., Сурков Е.Н. *Антиципация в структуре деятельности*. -М., 1980.

2. Соловьев И.М. *Психология познавательной деятельности нормальных и аномальных детей*. - М., 1964.

3. Лурия А.Р. *Очерки психофизиологии письма*. - М., 1950.

4. Цветкова Л.С. *Методика оценки динамики речи*. - М., 1980.

5. Ананьев Б.Г. *Психология чувственного познания*. - М., 1960.

6. Мовкебаева З.А. *Формирование пространственно-графических навыков у детей*. — Алматы: АГУ им. Абая, 1999.

7. Өмірбекова Қ.Қ., Тулебиева Г.Н. *Көмекші мектеп оқушыларының фонематикалық; қабілетінің қалыптасу ерекшеліктері//Хабаршы. Арнайы педагогика сериясы. - 2008. -№1 (12).*

Резюме

В статье рассматриваются методы исследования зрительного восприятия учащихся начальных классов вспомогательной школы.

Summary

In article are considered methods of the examination of the visual perception pupils initial classes of the auxiliary school.

Мусурманова О. Формирование духовных основ социальной защиты молодежи в процессе профессионального образования	3
Бектаева К.Б. Мүмкіндігі шектелген оқушыларды дұрыс жазу ережелерін меңгеру мүмкіндіктеріне қарай дифференциациялау	6
Дүйсенбаева Р.Д. Жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері	10
Шестакова Е.В. Организация деятельности по включению детей с ограниченными возможностями в общеобразовательную среду	18
Майтанова Н.Е. Индивидуальный подход - важный принцип в коррекционном обучении детей с отклонениями в развитии	29
Рысдәулетов А.Ә., Сексенбаева Г.Ә., Нүсіпжанова Г.К. Балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын психологиялық түзету жолдары.....	33
Асембекова С.А., Вихрова О.А. Организация музыкальных занятий в инклюзивных дошкольных группах для детей с нарушенным	

С о д е р ж а н и е

слухом (с кохлеарными имплантами и слуховыми аппаратами)	42
Нурланова Т.К. Көмекші мектептің тәрбие жұмысында этнопедагогикалық материалдарды пайдалану.....	52
Абиров Ш.Е. Оқу сабақтарында мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық қызметін дамыту	56
Жумакаева Ә.К., Өмірбекова Қ.Қ. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың фонематикалық түсінігі	59
Тулбиева Т.Н., Мурзағалиева Ә.М. Көмекші мектептің бастауыш сынып оқушыларының керіп кеністікте бағдарлауын тексеру әдістері.....	62

«Арнайы педагогика» сериясы Серия «Специальная педагогика»
№ 1 (20), 2010

Берілген тупнұсқадан тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10098 - Ж.

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады.

Басуға 1.03.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 4,8 е.б.т. Тараымы 300 дана. Тапсырыс 60.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ.

Абай атындағы Қазақ ұлттақ педагогикалық университетінің өндірістік-
жарнама бөлімінің баспаханасы.